

## **Телесұхбаттағы журналист имиджі**

Тележурналистикадағы шығармашылық шеберлік сұлу келбет пен жақсы дауыстан ғана тұрмайды. Шығармашылық шеберлік ізденіс пен тәжірибе нәтижесінде қалыптасады. Бұл ретте басшылыққа алатын негізгі мәселе – кәсіби этиканың сакталуы. Журналистің кәсіби – этикалық принциптерін бес топқа бөліп қарастыруға болады:

1. Кез – келген жағдайда өз кәсіби борышын атқаруға даяр болу, сол жолда батыл шешім қабылдау және ешнәрседен бас тартпау;
2. Тиянақты, принципшіл болу;
3. Шығармашылық белсенділік таныту, соның аясында тәртіп сақтау;
4. Әріптестік ынтымақтастық зандылықтарын бұзбау, кішіпейіл болу;
5. Өз - өзіне сын көзben қарау және өз - өзін үздіксіз дамыту.

Осынау аталып өткен кәсіби – этикалық принциптерді ұстанғанда ғана журналист шығармашылық шеберлігін шындау түспек. Жоғары кәсіби деңгейге шығармашылық шеберлікті шындау барысындағы тәжірибелік тәлімдер мен кәсіби дағдыға айналған сапалық көрсеткіштер нәтижесінде қол жеткізуғе болады. Әр журналист өз қолтаңбасымен, өз стилімен, өзіндік ұстанымымен танылуы тиіс.

